

ЖАҢАРҒАН ЗАМАНҒА

Жаңашыл маман қажет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Исқимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауын факультет ұжымымен талқылады. Себебі, еліміздің агроқөшпенін дамытып, өркендететін шәкірттер даярлайтын оқу ордасында еңбек ететіндіктен біз үшін Жолдаудың маңыздылығы зор.

Кезекті Жолдауда Президент ауылшаруашылығы саласында әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан кемшіліктерге тоқталып, алдағы бес жыл көлемінде аграрлық секторға мемлекет тарапынан қандай көмектер болатынынайтты және осы арқылы межелерге жетудің нақты міндеттерін айқындап берді.

Расында, Мемлекет басшысы айтқандай ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономиканы құру мүмкін емес. Шаруалардың жерге қол жеткізе алмауы, арзан несиенің болмауы, кәсіби мамандардың тапшылығы – шешімін күтіп тұрған өзекті мәселелер.

Ауыл еңбеккерлерінің ауыр еңбегінің арзан бағаланатыны жасырын емес. Табыстың басым бөлігіне алыпсатарлар кенеліп жатады. Аграрлық секторға ин-

вестиция тарту ауадай қажет. Кәсіби мамандардың тапшылығы, сондай-ақ аграрлық ғылымның дамымауы да – бұл саладағы қордаланған мәселелер.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің аграрлық факультетінде өңіріміздің ауыл шыруашылығына қажетті мамандар даярлайды. Жерге орналастыру; аграрлық техника және технология; кадастр; су ресурстарын және суды пайдалану; агрономия; топырақтану және агрохимия; мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы; ветеринариялық-медицина мамандықтары бойынша мамандар даярлап келсе, уақыт талабына сай биылдан бастап жаңадан 4 мамандық (сумен қамтамасыз ету, суды бұру және су ресурстарын қорғау; өсімдік қорғау және карантин; жеміс, көк өніс шаруашылығы; орман шаруашылығын қорғау және карантин) қосылды. Сөйтіп, факультет бойынша мамандық саны 12-ге жетті.

Айта кетерлігі, факультет студенттері тек теориялық білім алумен шектелмейді. Оқу ордасының меншігіне қарасты Түлкібас ауданының «Жаскөшу» аулында оқу-өндірістік кешеніміз бар. Бұл кешенде 18 бас жылқы, 28 бас ірі қара мал бағып, күтілуде. Ветеринарлық-медицина мамандығының студенттері өндірістік практикаларын осы кешенде өткізеді. Практика уақытында университет тарапы-

нан студенттерге жатын орын, үш мезгіл тамақ беріледі. Сонымен бірге, осы аумақта 50 гектар егістік жерде түрлі дақылдар өсіріледі. Яғни, студенттер университет қабырғасында теориялық білімдерін алса, өндірістік кешенде малдың күтіп-ұстауын, дәрілеуді, қолмен ұрықтандыру және егін егуді, азық дайындауды үйренеді.

Бұдан бөлек, болашақ мамандар практикалық тәжірибесін нығайту үшін Түлкібас ауданындағы «Кентау» шаруа қожалығымен келісімшарт жасалған. Аталған қожалықта алманың бірнеше сұрпы өсіріледі. Бұл игілікті іс мамандарымызды жұмыспен қамтуға да мүмкіндік береді. Университеттің жүргізген ішкі статистикасы көрсеткендей, түлектеріміздің 80 пайыздан астамы жұмысқа орналасқан.

Факультеттің ұстаздары Президенттің Жолдауында айтылғандай өңіріміздің агроөндірістік саласын дамыту үшін әлі де жаңашыл жетістіктерді оқып-үйреніп, оң тәсілдерді тезірек терең меңгеріп, бүгінгі күннің талаптарына сай келетін кәсіби мамандарды даярлауға үлесімізді қосамыз.

Кеңес БАЙЖАНОВ,
М.Әуезов атындағы
ОҚУ аграрлық факультетінің аға оқытушысы,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты